

**ҚАРАҒАНДЫ МЕМЛЕКЕТТІК МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ**  
**Жұқпалы аурулар және дерматовенерология кафедрасы**

Инфекциялық наркотиктерді қолданушылардағы, соның ішінде бас бостандығынан айыру жерлеріндегі адамдардағы АИВТ инфицирлену қаупінің факторлары және осалдық концепциясы



Орындаған: Қазақбай Б.А  
Тексерген: Даулбаева А.Ө

Қарағанды 2015

## *Жоспар*

- *Кіріспе*
- *АИВ инфекциясы*
- *Инъекциялық наркотиктерді қолданушылардағы АИВТ инфицирлену қаупінің факторлары*
- *Бас бостандығынан айыру жерлеріндегі адамдардағы АИВТ инфицирлену қаупі*
- *Қазақстанда ЖИТС-пен күресу жұмыстарын ұйымдастыру*
- *Қорытынды*
- *Қолданылған әдебиеттер*






# Кіріспе

Адамның иммундық тапшылық вирусының инфекциясы (АИВ) - қоздырғышы әртүрлі механизммен берілетін антропонозды созылмалы вирусты індет. Иммундық жүйені бірте бірте жарақаттап оппортунистік екіншілік инфекцияның дамуына әкелетін жеделдеу энцефалиттің пайда болуын тудыратын, жүре келе өлімге әкелетін ауру.

АИТВ иммундық жүйені зақымдайды, иммун жүйесі бұзылғаннан кейін адам, сау адамға қарағанда, кез келген инфекцияның алдында дәрменсіз болады. АИТВ инфекциясының соңғы сатысы – Жүре пайда болған иммунтапшылығы синдромы, ол әр адамда әр қалай, 2-15 жыл ішінде дамиды. АИТВ адамның иммундық жүйесіне бірнеше жыл бойы зиянды әсерін тигізгендіктен, иммунтапшылығы дамиды. Ол дегеніміз, ағзадағы зақымданған жасушалар саны жоғары деңгейге жеткенде ағза әртүрлі инфекцияларға, ауруларға, вирустарға қарсы тұра алмай қалады, күресуге шамасы да болмайды.

Этиологиясы АИВ - РНҚ - лы ретровирустар тұқымдастығына, баяу дамидын лентивирус туыстастығына жатады. Екі түрі бар АИВ1 және АИВ2. Қазіргі таңда кездесетіні АИВ1



## Эпидемиологиясы

*Ауру көзі* - тек ауру адам және вирус тасымалдаушы қан, қан препараттары, парэнтеральды сұйықтықтар

Пандемиялық таралуына әлеуметтік факторлардың ықпалы тиеді (нашақорлық, ретсіз жыныстық қатынас, гомо -, гетеросексуалдық, ЖЖБА кең таралуы, халықтың сауытсыздығы)

### Таралу жолдары мен факторлары.

*Таралу механизмі:* контактілі

*Таралу жолдары :*

*Табиғи:* жыныстық, вертикальды

*Жасанды:* қан арқылы, трансплантация мүшелері, заласыздандырылмаған құрал

*Таралу факторы:* Қан, қан препараттары, парэнтеральды сұйықтықтар, ұрық, қынап сұйықтығы, ана сүті



## АИТВ инфекциясы қалай беріледі?

АИТВ жұқтырған адамның қанында, лимфасында, шәухатында, емшек сүтінде вирус концентрациясы көп болады. Сондықтан да берілу жолдары:



- мүшеқапсыз жыныстық қатынас кезінде;
- жұқтырған қан құю арқылы;
- анадан - балаға, жүктілік және босанған кезде, егер анасында вирус болса.



Көз жасында, сілекейде, зәрде, құсықта, мұрыннан су аққанда вирус концентрациясы өте аз, жұқтыруға жеткіліксіз болады.

**АИТВ жұқпайды:**

-қол алысқанда, құшақтасқанда, сүйіскенде, бір ыдысты қолданғанда, жөтелгенде, түшкіргенде, ортақ төсек-орын жабдықтарын және басқа нәрселер, дәретхана қолданғанда, жәндік шағып алғанда.





## **АИТВ жұқтырмау жолдары:**

Адамдар қарапайым сақтану шараларына немқұрайды қарағандықтан АҚТҚ жұқтырады.

*Жұқтыруды болдырмау үшін:*

-жыныстық қатынас кезінде мүшеқапты қолдану,

-косметикалық процедура (маникюр, педикюр, пирсинг, тату, құлақ тесу) кезінде теріні бүлдірмей, әрқашанда, зарарсыздандырылған, не бір рет қана қолданатын пісектер және аспаптарды пайдалану. Тату, құлақ тесу сияқты процедуралар арнайы кабинетте жасалу керек. Жеке бас гигиенасы құралдарын (қырыну, маникюр ) жеке пайдалану керек.

Жүкті кезінде ем қабылдап жүрген әйелдерде сау бала туу мүмкіндігі бар. АИТВ инфекциясын ерте анықтау ауруды уақтылы емдеуге, АИТВ жұқтырған адамның өмірін сәл де болса жақсартуға мүмкіндік береді.

# Ињекциялық наркотиктерді қолдану

Инфекциялық наркотиктерді қолдану қазіргі кезде АИВ инфекцияны жұқтырудың ең кең таралған жолы болып отыр. Кейбір мемлекеттерде бірінші орында тұр. Наркотиктерді қолдану АИВ инфекцияны жұқтыруды тікелей емес, жанама жолымен қоса жүреді, яғни наркотикалық мастықтағы болатын жыныстық қатынас. Наркотиктер организмде тежелу реакциясын шақырады, осыған байланысты мүшеқапсыз жыныстық қатынас, ретсіз жыныстық қатынас болады. Бұл АИВ инфицирленудің бірден бір ЖОЛЫ.



## Ињекциялық наркотиктерді қолданушылардағы АИВТ инфицирлену қаупінің факторлары

Адамдар жиі есірткіні көк тамырға қолданады, бір-біріне қаражат үнемдеу үшін, сонымен бірге біріне бірі деген достық сезімдерінің сылтауымен барлық серіктестікке 1-2 шприцтерді зарарсыздандырмай қолданады. Иненің қуыстарында АИВ инфицирленген қанның кішкентай бөлігі қалуы мүмкін, яғни, осы қан бөліктері серіктестіктерінің қанына түседі. Нашакорлардың арасында біреуі АИВ инфекциясын жұқтырса, аздаған уақыттан кейін топтың мүшелері (2-3 жыл ішінде шамамен 70%) АИВ инфицирленген болады.

Сонымен бірге есірткіні араластыру үшін ортақ ыдыстарды қолдану жұқтыру қаупін жоғарлатады. Инфекцияланған қан ортақ ыдысқа түсуі мүмкін, содан соң, сәйкесінше есірткіні басқа тұтынушылардың инесіне түседі. Сонымен қатар АИВ дайын дозаны сататын шприцта болуы мүмкін. Есірткіге мас болған күйінде адамдар кездейсоқ жыныстық қатынасқа түседі. Осы кезде біреуі АИВ инфицирленген болса жолдасына жұқтырады. АИВ инфицирленген нашақор ана жүкті кезінде баласына жұқтырады.

# Бас бостандығынан айыру жерлеріндегі адамдардағы АИВТ инфицирлену қаупі:

Көптеген мемлекеттердің түрмелерінде АИВ инфекцияның таралуы жоғары дәрежеде болып отыр. АИВ-мен қоса бас бостандығынан айырылған адамдарда сифилис, туберкулез және вирусты гепатиттің әр түрлісі байқалады.

- Түрмеге түскен адамдардың көпшілігі наркотикалық іспен айналысқан болып келеді, соған байланысты олар наркотиктерді түрме ішінде таратудың жолдарын табады. Ол болса АИВ инфекцияның таралуының бірден бір жолы.
- АИВ инфекциясының таралуының тағыда бір факторы түрме ішінде болатын гомосексуалды жыныстық қатынас.
- Сонымен қатар АИВ инфекциясының таралуына әсер ететін фактор түрме ішінде салынатын әр түрлі тату, пирсингтер. Бұл кезде құрал-жабдықтар стерилизациядан өткізілмейді.

Түрмелерде АИВ инфекцияның таралуын төмендетуге бағытталған іс-шаралар:

Бостандығынан айырылған адамдарға хлорлы әк ерітіндісімен жабдықтау және стерилизация ретінде пайдалануға инструкция беру (тату, пирсинг жасаған құралдарды, ине мен шприцтерді стерилизациялау үшін).

Барлық бостандығынан айырылған адамдарға мүшеқаптарға деген қолжетімділікті арттыру.

## АИТВ-ны қалай анықтауға болады?

Ағзада вирус бар жоғын жұқтырған соң 2 апта мен 3 ай аралығыннан соң қанның арнайы анализі (АИТВ жұқпасына антиденелерге тест) көмегімен анықтауға болады. Жұқтырған соң антиденелердің пайда болуына дейінгі уақытты «терезе кезеңі» деп аталады. Бұл кезеңде жұқтырған адам вирусты басқа адамдарға жұқтырып жүреді және адам өзінің ағзасында вирустың барын немесе жоғын біле алмайды.



## *Қазақстанда ЖИТС-пен күресу жұмыстарын ұйымдастыру.*

ЖИТС — көп жағдайда өлімге соқтыратын аса қатерлі вирустық дерт. Қазақстанда осы қауіпті ауруға қарсы күрес жүргізу мақсатымен мамандандырылған жаңа қызмет жүйесі құрылды. Оның құрамына республикалық, облыстық, қалалық ЖИТС-ке қарсы күресу және аурудың алдын алу орталықтары, диагностикалық лабораториялар мен анонимдік кабинеттер кіреді. Осындай қызмет жүйесінің күнделікті жұмысын Республикалық ЖИТС-тен сақтандыру комитеті басқарады. Бұл комитеттің ең басты мақсаты — ЖИТС вирусын жұқтырған адамды табу, оны тексеру және емдеуді жоспарлы түрде ұйымдастыру. Жоғарыда аталған ЖИТС орталықтары ұйымдастырушы, тәсілдеуші және емдеуші мекемелер ретінде жұмыс атқарады. Қазіргі кезде республикамызда ЖИТС-тен қорғану жөнінде жұмыс жүргізетін 20 орталық және 80 лаборатория бар





## **Олардың жұмыс бағыттары мынадай:**

Вирус жұғу мүмкіндігі бар «қатерлі топтарға» жататын адамдарды тексеріп, вирус жұққан адамдарды дер кезінде тауып отыру;

Ауру ошағын анықтап, дәрігерлік бақылауға алып, вирустың әрмен қарай тарауына, яғни басқа адамдарға жұғуына мүмкіндік бермеу жұмыстарын ұйымдастыру.



«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан республикасының 2009 жылғы 18 қыркүйектегі №193-IV кодексі

**19-тарау.** Аитв инфекциясын жұқтырғандарға және житс-пен ауыратын науқастарға медициналық-әлеуметтік көмек көрсету

**112-бап.** АИТВ инфекциясының және ЖИТС-тың профилактикасы, диагностикасы және оны емдеу мәселелеріндегі мемлекет кепілдіктері  
Мемлекет АИТВ инфекциясын жұқтырғандарға және ЖИТС-пен ауыратын науқастарға:

- 1) тегін негізде ерікті түрде жасырын және (немесе) құпия медициналық зерттеп-қараудың қолжетімділігі мен сапасына, динамикалық байқауды қамтамасыз етуге, психологиялық-әлеуметтік, заңдық және медициналық консультациялар беруге;
- 2) тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шегінде медициналық көмекке және дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етуге;
- 3) әлеуметтік және құқықтық қорғауға;
- 4) ауруының сипатына байланысты қандай да бір кемсітушілік нысандарына жол бермеуіне;
- 5) АИТВ инфекциясының анадан ұрыққа берілу қаупін азайту жөніндегі профилактикалық іс-шараларды жүзеге асыруға кепілдік береді.



**113-бап.** АИТВ жұқтырған немесе ЖИТС-пен ауыратын адамдарды әлеуметтік қорғау

1. АИТВ жұқтырған немесе ЖИТС-пен ауыратын балалардың мектепте және басқа оқу орындарында оқуы қамтамасыз етіледі.

2. АИТВ жұқтырған немесе ЖИТС-пен ауыратын адамдарды жұмыстан шығаруға, жұмысқа, мектеп жасына дейінгі балалар мекемелеріне және оқу орындарына қабылдаудан бас тартуға, сондай-ақ олардың өзге де құқықтары мен заңды мүдделеріне нұқсан келтіруге, сол сияқты олардың туыстары мен жақындарының тұрғын үй және өзге де құқықтарына нұқсан келтіруге жол берілмейді.

3. АИТВ жұқтыру немесе ЖИТС ауруы медицина қызметкерлерінің және тұрмыстық қызмет көрсету саласы қызметкерлерінің өз міндеттерін тиісінше орындамауы салдарынан болған адамдардың өз өміріне немесе денсаулығына келтірілген зиянды Қазақстан Республикасын заңнамасына сәйкес өтетуге құқығы бар.



## 114-бап. АИТВ инфекциясының профилактикасы

АИТВ инфекциясының профилактикасы жөніндегі іс-шаралар:

- 1) халықтың түрлі топтарына арналған нысаналы профилактикалық және білім беру бағдарламаларын әзірлеу және іске асыру;
- 2) халықты бұқаралық ақпарат құралдары арқылы АИТВ инфекциясы бойынша эпидемия жағдайы туралы және профилактика шаралары туралы хабардар ету;
- 3) халықтың түрлі топтары үшін ақпараттық материалдар әзірлеу және тарату;
- 4) АИТВ инфекциясының жыныстық қатынас және қан арқылы жұғуынан қорғау жөніндегі бағдарламаларды іске асыру;
- 5) сенім, жасырын тестілеу, психологиялық, заңдық және медициналық консультациялар беру пункттерін құру;
- 6) тері қабаттары бүтіндігінің бұзылуына байланысты халыққа қызметтер көрсету кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету жолымен жүзеге асырылады.



## **115-бап. АИТВ-ға зерттеліп-қаралу**

1. Қазақстан Республикасы азаматтарының және оралмандардың тегін негізде ерікті түрде жасырын және (немесе) құпия медициналық зерттеліп-қаралуға және АИТВ инфекциясы мәселелері бойынша консультациялар алуға құқығы бар.

2. АИТВ инфекциясының болуына міндетті құпия медициналық зерттеліп-қаралуға:

1) қанның, оның компоненттерінің, тіндердің және (немесе) ағзалардың (ағзалар бөліктерінің), жыныстық жасушалардың донорлары мен реципиенттері;

2) өздеріне қатысты денсаулық сақтау, прокуратура, тергеу және сот органдарының сұрау салуы негізінде АИТВ жұқтырғаны ықтимал деуге жеткілікті негіздер бар адамдар;

3) уәкілетті орган бекіткен қағидаларға сәйкес клиникалық және эпидемиологиялық айғақтар бойынша адамдар жатады.



3. Қазақстан Республикасының аумағында тұрып жатқан шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар АИТВ-ның болуына зерттеліп-қаралудан жалтарған жағдайда Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерге шығарып жіберіледі.

Қазақстан Республикасының аумағында дипломатиялық артықшылықтар мен иммунитетті пайдаланатын шет мемлекеттердің дипломатиялық, өкілді және консулдық мекемелерінің қызметкерлері мен өзге де адамдары АИТВ-ның болуына зерттеліп-қаралудан тек өздерінің келісімдерімен ғана өтеді. Оларды зерттеп-қарау қажеттігі туралы ұсынысты уәкілетті орган Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігімен алдын ала келіседі.

4. Кәмелетке толмаған адамдар мен әрекетке қабілетсіз адамдарды қуәландыру олардың заңды өкілдерінің келісімімен немесе олардың қалауы бойынша жүргізіледі.

5. Медициналық зерттеп-қарау кезінде АИТВ инфекциясын жұқтыру фактісін анықтаған денсаулық сақтау ұйымдары зерттеліп-қаралатын адамға алынған нәтиже туралы жазбаша түрде хабар беріп, өз денсаулығын және айналасындағылардың денсаулығын сақтауға бағытталған сақтық шараларын сақтау қажеттігі туралы ұғындырады, сондай-ақ емделуден жалтарғаны және басқа адамдарға жұқтырғаны үшін әкімшілік және қылмыстық жауаптылығы туралы ескертеді.

*Қорытынды:* Наркотиктерді қабылдаудың негізгі екі спецификалық мінездемесі бар, олар - тұрақтылық және тәуелділік. Ағзаға осы затты қолданған кезде, оның қалыпты қызметінің жоғарлауынан тәуелділік дамиды. Мәжбүрлеп, әдеттілік, қайталап қолданғанда, ауру сезіміне қарамастан науқас өзін жақсы сезінеді. Басқа сөзбен айтқанда қолданушы өзінің ағзасының қызметінің бұзылуын біледі. Олардың наркотиктен жәй ғана арыла алмайтынын да дәрігерлер түсіну керек. Наркотикалық заттар орталық жүйке жүйесіне тежегіш әсер көрсетіп, адамдарды қауіпті жағдайға күштеуі мүмкін, сол сияқты залалданған инені қолданғанда да болады. Тәуелділік және шамадан тыс қолдану клиникалық феномен сияқты қаралуы керек.



## Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Психиатрия и Наркология Н.Н Иванец, Ю.Г Тюльпин, В.В Чирко, М.А Кинкулькина Москва ГЭОТАР Медиа 2006г.
2. Психиатрия и Наркология Зальцман.
3. Психиатрия Н.М жариков, Ю.Г Тюльпин, Москва Медицина 2002г.
4. Наркология А.С Субханбердина, Алматы 2004ж.
5. [www.google.ru](http://www.google.ru)

